

«ӘН - ӨЛШЕУІШ, ӨЛЕҢ - КҮМІС, ҚОСПАҢЫЗ МЫС...»

Шәкәрім бабамызға арналған республикалық ақындар айтысы хақында сөз

«Шәкәрім - өз өмірін өзі жазып кеткен адам».

Қайым МҰХАМЕТХАНОВ

Әлібек ҚАҢТАРБАЕВ

Данышпандық трактаттарын, терең де сүбесі бес елі ойларын поэзия үлгісінде мұра етіп қалдырған хакім Абайдың үрдісін үкілеп үлгі тұтып, ары қарай жалғастыруды мұрат еткен, сол мақсатқа жету үшін жеті жұрттың тілін үйреніп, олардың ғылым-білім атты қазына-қоймасын мейлінше еркін аралауға мүмкіндік алған, аллатағала бойына дарытқан талант, зерде деген қасиеттерін қақтап «сауып» халқына аманаттауға әрекеттенген Шәкәрім қажы Құдайбердіұлының ойшылдығын, ақындық дәрежесін тізбелеп жату – бұл мақаланың жүгі емес. Бұл мәселелер осы айтыстың алдында ғана Өскеменде өткен аталмыш ғұламаға арналған ғылыми-теориялық конференцияда кеңінен сөз болған.



Айтыс... Дәл осы ұранға бергісіз сөзді естіген тамырында қазақтың қаны бар кез келген азаматы елең етіп, өре түрегелетіні шындық. Неге десеңіз...

Айтыс – аламан бәйге, айтыс – от ауызды, орақ тілді ақындардың сөз сайысы, айтыс – ел мен жұрттың бүгінгі шыққан биігінің жарнамасы, айтыс – қаймана жұрттың мұңы мен шерін шертетін мінбері, айтыс – ақындықтың бәсекесі.

Ал, Шәкәрім сынды алыпқа арналған айтыста бақ сынау үшін тек қана ауыл үйдің қалжыңын, ауыл үйдің шындығын, ауыл арасының өзіл-оспағын айту – арға сын. Терең де мағыналы сөз, жауһар ой, ірі-ірі абыздық деңгейдегі мәселелер жарқ-жүрқ етіп көз қарықтыруы шарт.

Міне, осындай-осындай мұрат үрдісінен шығу үшін Қазақстанның түкпір-түкпірінен Төр Алтайдың төрі Өскеменге мамырдың соңғы ширегінде 22 ақын ат басын бұрған. Айтыс туралы сауын Қазақстандағы көрермендердің көзайымына айналған көптеген танымал айтыскерлерге жолданғанымен, біразы белгісіз себептермен келе алмады.

Мәңгілік ештеңе болмайтын көрінісі. Таланттардың алдығы шоғыры басып өткен сүрлеуді келесі жас толқын қайтара таптап жатса, онда – айтыстағы прогресс тоқталған. Жоқ, даму бар екен. Оны дәл осы бабаға арналған айтыс жарқырата дәлелдеді. «Қазақстан» ұлттық телеарнасындағы «Аламан айтыс» бағдарламасында томағалары сыпырылған шоқ-шоқ жас ақындар айтыстың тың үлгісін көрсетті.

Айтыстың басты ұйымдастырушысы өрі басты демеушісі Шығыс Қазақстан облысының әкімдігі десек, айтыстың байланысты бар шаруаның

шөмішіне иелік етіп, бас-көз болып жүрген – облыстық мәдениет басқармасы. Сол басқарманың бастығы, ҚР-на еңбегі сіңген өртіс, профессор Кенжеғали Мыржықбай айтыс шымылдығын құттықтау, тілек сөзімен ашып берген соң айтыс тізгінін ақтаған айтыскер ақын, жиырма жылдық саналы ғұмырын осы айтыс төрінде өткізген, айтыстың қыр-сырын, ұңғыл-шұңғылын бес саусақтай меңгерген Серік Құсанбаев ұстаған.

Серік шү дегеннен-ақ тың сорапқа бет бұрды: дәл осы уақытқа дейінгі тамашалап жүрген айтыстарымызда айтысатын ақындар алдын ала жұптасып, жұрт алдына кімнен айтысатынын күн ілгері біліп, дайындалып дегендей тоққөңілмен шығушы еді, осы жолы жұптар көрермен алдында анықталды. Көрермен алдына, сахнаға айтысатын ақындардың аты-жөні жазылған конверттер салынған екі шыны құмыра әкелінді. Соның бірінен Кенжеғали Мыржықбай мырза бір конвертті суырды. Онда Семей өңірінің жас «жолбарысы» Нұржан Әмірбаевтың аты-жөні жазылған екен. Сахнаға шыққан Нұржан келесі құмырадағы өз қарсыласын суырды. Ол – Батыс Қазақстан облысынан келген Бауыржан Қалиолла болып шықты. Міне, дәл осындай әділеттілікпен телінген жұптар айтыс қазанына күмп етіп түсті де кетті. Осы тәртіп айтыстың соңғы нүктесіне дейін сақталды.

Айтыс басталды. Нұржан Әмірбаев жас та болса оң-солын танып қалған, осыған дейін де талай айтыстарда маңдайы жарқырап төргі табақтың дәмін татқан, төкпе, намыстың ақыны екен. Бұрқырады. Шамырқанды. Қарсыласы - батыстық Бауыржан бір сүріндірер жерім осы-ау деді ме екен, өлде қышыған жерім деп басам «жібір» деді

ме, Семейді неге бөліп, жеке облыс болмайсыңдар дегендей тышқан-жымға салған. Нұржан төске шапты: «ескі әнді, Бауке, қозғама, ол қотырым жазылған, біз Шығыспен рухымыз тұтасып кеткен жұртпыз. Рух бөлінбейді» - деп ірілік танытты...

Семейлік Серік Молдабековпен жұптасқан Монғолиядан келген ақын келіншек Аманкүл Сәкиқызы алыстағы қандастарымыздың шері мен шөменін домбырасының үкісіне байлай келген екен, соны ақтарды. «Өскеменге, ұлы Отанға келдім бе деп едім, мұндағы қандастарыммен аудармашы арқылы сөйлестім, сормандай ана тілім сор батпақ кешіп жатыр екен. Қабырғаларыңа әлі күнгі Лениннің суретін жапсырғанша, Қабанбай бабамызды неге ілмейсіңдер» деп бір төпеді. Серіктей қарсыласынан біраз «теперіш» көрген соң, қыздардың қырық қулығына салды:


Әлпейге барып тоқтаған,
Аңсап бір келген ұясын.
Жебенді маған оқтама,
Атуға қалай қиясың, - деп қылықты назға көшті...

Ел-жұрт Астанадан келген, азуын Айға білеген, тың эпитет пен теңеулердің сарқылмас қайнары, төкпе ақын Дәулеткерей Кәпұлын асыға тосқан. Ол құмырадан Семейлік жас ақын Дәурен Сембаевты өз қарсыласы ретінде суырғанда көрермен гу еткен. Гүлдеу – жап-жас баланы шайнап «түкіріп» тастайды-ау деген Дәуренге деген жанашырлықтан туған.

Жоқ, Дәулеткерей өзіне тән биігінде қала білді. Қарсылас інісін бастан сипай отырып тобықтан «қағып», жамбасқа ала отырып, ағалықтың жақсы үлгісін көрсетті. «Жеребе балық боп аквариумда тұр, сондықтан ақ шыңдары аспан емген Төр Алтайдың төрінде атылмаған мылтықтың оғындай боп қалу – арға сын. Бас інім, барыңа!» дегендей емеурін танытты.

Көрермен бекер күдіктенген екен, Дәурен айтыстағы атақабайырой көк тіреген ағасынан үрейленгенді қойып, қарсы шапты. Өрледі. Айтыс аяқталған сәтте Дәуреннің құлақ түбінен ғана тер білінді. Құдайға шүкір, айтыс тізгінін берік ұстайтын ұлдарымыз өсіп келеді екен.

Түс әлетінде басталған бірінші күнгі жыр додасы Өскемен көгінде ақшам жамырағанда барып тізгін тартты. Ауыздықтарын қарш-қарш шайнаған жыр сүйелері, әй, бір көсілді-ау. Шәкәрім бабаларының: «Ән - өлшеуіш, өлең – күміс...» деген нақылын мұрат етісті. Мыс қоспауға тырысты. Қызылордалық Ержеңіс Әбдиев, өскемендік Аслан



толыққан Аслан өзінің биік деңгейінен аласарған жоқ...

Бұл күнгі айтыста бақ сынаған Дәурен Сембаев, Әсем Ережеқызы, Дәулеткерей Кәпұлы, Ержеңіс Әбдиев, Жарқынбек Наушабекұлы, Есімжан Нақтыбайұлы – бәрі де айтыстың жақсы үлгісін көрсетті.

өздеріне алып қалуға тырысып, мықты ақындарды шөміштен қағатын. Ал, мұндағы азаматтардың пейілі, ықыласы мүлдем бөлек екен: қонақтар ренжімей аттансын дегенді айтады бірауыздан. Міне, қазақи мәрттік дегеніміз – осы...

Фафуров, шымкенттік Жарқынбек Наушабекұлы, өскемендік Есімжан Нақтыбайұлы, Семейлік Әсем Ережеқызы сынды ақындар Шәкәрімдей ғұлама бабаларының асыл ойлары мен терең философиясынан біраз мағлұматтар берді. Әсіресе, Жарқынбек, Аслан, Әсем жарқылдап көзге түсті. Нағыз қазақтың батырлар жырында айтылатын «ертеден шапса-кешке озған» дейтіндей дүлдүлдік таланттарын көрсетті. Келесі күнге іріктелген жеті жұп қалды...

Жыр додасының келер таңдағы айтыс шымылдығын қарағандылық Тілеген Әділов пен өлгейлік Аманкүл қарындасымыз ашты. Бұлар қазақтың қыз бен жігіт айтысының нағыз үлгісін ұсынды көрерменге. Тілеген:

...Домбырамның шанағын қайық қылып,
Ертістің толқынында тербетейін, - деп Аманкүл «керітейін» деп-ақ еді, Аманкүл «салмағым сенен гөрі ауырлау, сен қаңылтақтау екенсің, оқыста суға түсіріп алмайсың ба?» дей тұра рухани ірі мәселелерге бет бұратын сыңай байқатты.

Жіберіп жүр қазағым,
Көрінгенге есесін.
Қазағым өзі шайқайды,
Қымыз құйған кесесін, - деп ашы бір шыңдықтың қақпағын ашуға қол салды...

Келесі жұпта шыққан оралдық Бауыржан Қалиолла сыйбалас жемқорлық, мемлекет деңгейіндегі келенсіздіктерді ашына жырлады. Біраз шершеменін ақтарды. Асырып та, қасынып та айтқан тұстары қалың көрерменнің селт еткізгені рас...

Тараздық Алик Бекмұсаев пен Семейлік Нұржан Әмірбаевтың айтысы көтерем көңілдерді сергітіп тастады. Алик осы Шығысқа келе жатқан жолында орысша атаулардан көз аша алмағандығын, арылатын уақыт жеткендігін айтып Нұржанды тұқыртпаққа қатты әрекеттеніп-ақ еді, оған қыңған Нұржан жоқ: - Есімі орыс болса да, Бесігі қазақ болған жұрт, - дей келе Аликке «сен осындай ұсақ-түйектерді қаузағанша заманның дем алысын жырыңа неге қоспайсың»

Әлиевтер еліне оралмай жүр,
Ақиықтар тұғырға қона алмай жүр», - деп мүлдем басқа қиырға бастады...

Аслан Фафуров бұл күні де ерледі. Оның қарсыласы алматылық Жәмилә Оразбаева Асланды жезде мен балдыз арасында айтылар көрпе мен төсек төңірегіндегі арзан, сапасыз қалжыңдарға қаншама қақпайласа да тәжірибесі



Әсіресе, оңтүстіктен келген Жарқынбек нағыз Құлагер ақын екендігін дәлелдеді. Оның сабырлылығы мен тапқырлығы, айтыс технологиясын жете меңгергендігі көп ақындарымызға үлгі болғандай-ақ екен.

Көрермендердің көк тіреген көңілі Дәулеткерей: «Төр Алтайға айтыс өнерімен қош айтысқалы әдейі келдім. Бұл айтыс – менің соңғы айтысым» - деген сәтте пәс тартқаны рас. Өзінің ерекше мақамымен, тереңдігімен көп жылдар айтыс өнеріне сүбелі үлесін қосып келе жатқан Дәулеткерейдей сүйіктілерінен көз жазып қалу, өріне, көрерменге оңай емес.

Соңғы мәрелік айналым... айтары жоқ, дәл осы жолы шыққан алты ақын да нағыз айтыстың, ерен шабыстың үлгісін көрсетті. Тіпті қазылар алқасы да аузын ашып, көзін жұмып абырғаған. Әрине, біріннен бірі өткен қас сәйгүліктердің шабысын сынау, әділ бағасын беру неге ғана оңай болсын!

Қазылар демекші... Арысы Астана мен Алматыдан, берісі Семейден келген, қазақтың қара сөзінің тамырын түптейтін, өлең мен жырдың жүрек лүпілі мен тамыр соғысын дөп басады деген сегіз азамат төрелік жасады. Төрағасы – Астанадан келген қазақтың ақиық ақындарының бірі, республикалық С. Сейфуллин мұражайының директоры Серік Тұрғынбеков болса, қалған құрамы да осал болған жоқ. Алматыдан арнайы келген Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты, ҚР еңбегі сіңген қайраткер, жазушы-драматург Қалихан Ысқақтың өзі бір төбе.

Серік ТҰРҒЫНБЕКОВ, қазылар алқасының төрағасы: **Айтыс өажап болды! Сандаған айтыстарға қазылық жасаған адам едім, мынау соның ішіндегі ең ерекшесі, ең әділі болды. Басқа өңірлерде бас жүлдені жанталасып**

Аламан айтыс мәресіне жетті. Аптық басылды. Бас жүлдеге тігілген жеңіл мәшіннің кілтін облыс әкімінің орынбасары Аманкелді Тәженов мырза Дәулеткерей Кәпұлына табыстады. Аслан Фафуров пен Нұржан Әмірбаев – бірінші, Әсем Ережеқызы – екінші, Жарқынбек Наушабекұлы мен Аманкүл Сәкиқызы үшінші орынға тағайындалған жүлделерді иеленді. Айтысқа ат арытып келген, өнерлерін ортаға салған ақындардың барлығына да марапат қағазы, ақшалай сыйлықтар табысталды. Семей қалалық мәдениет бөлімінің бастығы Құсмилия Нұрқасымов барлық ақындарға, қазыларға осы жуырда ғана баспадан шыққан Шәкәрім Құдайбердіұлы жайлы бес томдық кітапты сыйға тартты. Меніңше, ең басты сыйлық осы болған шығар-ақ.

Шәкәрім – ұлы тұлға. Ұлт мақтанышы. Алайда, ол туралы қазіргідей компьютерге емінген, кітап оқу әдірдем қалған заманда қаймана халық көп біле бермейді де. Сондықтан екі күн бойы Өскеменнің Металлургтер сарайын лықа толтырған жұрт ұлы бабалары жөнінде біршама мағлұматтар жинақтап қайтқаны – тағы да шындық.

Ал, қазақтың ақын ұлқыздары барда біртуарларымыздың аты мәңгілікке ұласатыны – ақиқат.

СУРЕТТЕРДЕ: айтыстың ашылу сәті; облыс әкімінің орынбасары Аманкелді ТӘЖЕНОВ мырза бас жүлде – автомашина кілтін Дәулеткерей КӘПҰЛЫНА тапсырып жатыр; облыстық мәдениет басқармасының бастығы Кенжеғали МЫРЖЫҚБАЙ Монғолиядан келген Аманкүл СӘКИҚЫЗЫНА жүлде тапсыруда.

Суреттерді түсірген Е. ОРЫНБАЕВ, Е. СӘБИТОВ